

## Ұлытау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының II сессиясының 2012 жылғы 12 сәуірдегі N 19 шешімі. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 мамырда N 8-16-81 тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 132 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 28.06.2024 № 132 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ұлытау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесі (бірге берілген) бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау және әлеуметтік мәдени саланы дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына (Н. Ақтаев) жүктелсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

Ұлытау аудандық мәслихаттың

хатшысы

Т. Сейтжанов

КЕЛІСІЛДІ:

Ауданның жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің бастығы

А. Жандарбеков

16.04.2012 ж.

Аудандық мәслихаттың  
2012 жылғы 12 сәуірдегі

**Ұлытау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу**  
**ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ұлытау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін анықтайды.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) – Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;

1-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға

2) алғыншылдау - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

3) аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда аз қамтылған отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

4) тұрғын үй көмегін тағайындау бойынша уәкілетті орган – "Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – бөлім);

**5) алғыншылдауды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;**

6) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – аз қамтылған отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне проценттік қатынасы.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық

көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушилер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-1. Аз қамтылған отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылышы.

**Ескерту. Шешім 3-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-2. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкіметтің" веб- порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. Шешім 3-2-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4. Тұрғын үйді (тұрғын гимаратты) күтіп-ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтынуға, тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге, сонымен қоса телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне жұмсалатын отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (адамның) жиынтық табысының 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **2. Тұрғын үй көмегінің мөлшері**

5. Тұрғын үй көмегі бөліммен отбасының (азаматтардың) өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша келесі мөлшерде беріледі:

1) өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын үй ауданының нормасы отбасының әр мүшесіне тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын үй беру нормасына баламалы және көп бөлмелі пәтерлерде бір адамға 18 шаршы метрді құрайды, бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін – пәтердің жалпы көлемі. Көп бөлмелі пәтерлерде жалғыз тұратын азаматтар үшін ауданың әлеуметтік нормасы - 30 шаршы метрді құрайды;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:

газ тұтыну мөлшері:

баллонды газ пайдалану фактілік шығындары, жеткізушілердің қызметін қосып есептелінеді (түбіртек, анықтама, чек) бірақ, бекітілген норматив бойынша бір адамға айна газдың сыйымдылығы (айна 8 килограмнан көп емес) болуы тиіс;

қатты отын тұтыну мөлшері:

1985 жылға дейінгі тұрғын үй ғимараттар үшін 1 шаршы метр алаңды жылдытуға – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 161 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 98 килограмм. 1985 жылдан кейінгі тұрғын үй ғимараттар үшін 1-2 қабатта салынған үйлерге 125 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлерге 72 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегендеге) көмірден артық болмауы тиіс. Тұрғын үй көмегін есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады;

отбасына (азаматтарға) электр қуатын тұтыну мөлшері:

газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;

электр плитасы бар үйлерде – 250 киловаттан аспау керек;

3) сүйк суды, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер иелерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай, басқарудың заңды ұлгісін рәсімдегендегер) қызмет көрсетуді берушімен немесе тарифтерді бекітетін органмен бекіткен тарифтердің негізінде белгіленеді.

6. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді пайдалануға, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік

төлемақы тарифінің көтерілуіне ақы төлеу белгіленген мөлшерден жоғары шамада ақы төлеу жалпы негізде жүргізіледі.

7. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтері үшін абоненттік төлемақы тарифінің арттырылуының сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте өтелуі тиіс.

### **3. Тұрғын үй көмегін тағайындау**

8. Тұрғын үй көмегі осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тағайындалады.

9. Тұрғын үйдің (пәтерлер, үйлер) бір бірлігінен артық үйі бар немесе тұрғын үй-жайларын жалға (жалдауға) беретін отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі көрсетілмейді.

10. Тұрғын үй көмегі күтім қажет деп танылған мүгедектерге күтім жасайтындарды, туберкулездік және психоневрологиялық диспансерлерде, емдік-профилакториялық мекемелерде бір айдан астам уақыт стационарлық немесе амбулаториялық емделудегі адамдарды, үш жасқа дейінгі бір немесе одан да көп баланың тәрбиесімен айналысатындарды, кіші баласы бірінші сыныпты аяқтағанға дейін (9 жастан аспаған) төрт және одан да көп баланың тәрбиесімен айналысатындарды, кіші баласы 8 жасқа толғанға дейін өзіне және балаларына асыраушысынан айырылуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды есептемегендеге, еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, құндізгі оқу бөлімінде оқымаітын, әскери қызмет атқармаітын, уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын адамдары бар отбасыларына берілмейді.

11. Алкогольге немесе есірткіге тәуелді отбасы мүшелерімен сонымен қоса, 18 жасқа толмаған адамдармен бірге тұратын және пәтерлердің меншік иесі болып табылатын зейнеткерлерге және мүгедектерге бір бөлмелі немесе көп бөлмелі пәтерде тұратынына қарамастан, бір адамға тұрғын үй ауданының нормасы (18 шаршы метр) және бір адам үшін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері шегінде тұрғын үй көмегі беріледі.

12. Жанжалды немесе қалыпсыз жағдайлар пайда болған кезде, тұрғын үй көмегін тағайындау мәселесі сот тәртібімен шешіледі.

13. Өтемақының артық немесе кем тағайындалуына әкеп соқтырған әдейі жалған мәліметтерді берген жағдайда тұрғын үй көмегін төлеу тоқтатылады. Тұрғын үй көмегі түрінде заңсыз алынған сомалар ерікті тұрде қайтарылуы тиіс, бас тартылған жағдайда – сот тәртібімен қайтарылады.

### **4. Тұрғын үй көмегін беру мерзімдері мен мерзімділігі**

14. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап, табыстар жөніндегі мәліметтерді тоқсан сайын ұсынумен 1 жыл мерзімге тағайындалады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

15. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер ақысын төлеуге отбасының (азаматтың) шығындарының мүмкіндік шегіндегі деңгейі, коммуналдық қызметтер тарифтері өзгерген жағдайда, сәйкес өзгерістер енгізілген айдан кейінгі айдан бастап бұрын тағайындалған жәрдемақылар қайта есептеледі.

16. Жәрдемақы алу құқығын анықтау кезінде басқа қалада уақытша тұратындығы тиісті құжатпен қуәландырылған отбасының мүшесі есепке алынбайды.

17. Тұрғын үй көмегін алушыларға он құнтізбелік күн ішінде өзінің меншікті тұрғын үйі, отбасы құрамы және оның жиынтық табысындағы кез-келген өзгерістер жөнінде уәкілетті органға хабарлау қажет.

## **5. Тұрғын үй көмегін өтіну және есептеу тәртібі**

18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 11.09.2014 N 186 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18-1. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

**Ескерту. Шешім 18-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18-2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкери құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**Ескерту. Шешім 18-2-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18-3. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салуының қабылдағаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.

**Ескерту. Шешім 18-3-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18-4. Мемлекеттік корпорация өтінішті ақпараттық жүйе арқылы қабылдайды және оны тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

**Ескерту. Шешім 18-4-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18-5. Уәкілетті орган отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау негізінде тұрғын үй көмегін беруден бас тартады және өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы не Мемлекеттік корпорация арқылы дәлелді бас тартуды жібереді.

**Ескерту. Шешім 18-5-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

18-6. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган қабылдайды. Тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық құжат ретінде "жеке кабинетке" жіберіледі.

**Ескерту. Шешім 18-6-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 30.12.2020 N 416 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

19. Бөліммен ай сайын тұрғын үй көмегін тағайындау есебі жүргізіледі, ол отбасына (азаматқа) өтініміне қарай беріледі. Уәкілетті орган, егер телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын

ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілетті органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінен аспайтын болса, мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тартады.

## **6. Тұрғын үй көмегін төлеу**

20. Тұрғын үй көмегі ақшалай немесе аударма түрінде беріледі. Аударма түрі – бұл ақша қаржаттарын қызмет көрсетушілердің есепшоттарына, сонымен қоса кондоминиум объектісін басқару органының (ағымдағы) жинақтаушы шоттарына аудару.

21. Тұрғын үй көмегін коммуналдық қызметтерді жеткізу шартынан есептік шотына аударуға мүмкіндік болмаған жағдайда (кәсіпорынның таратылуы, қайта ұйымдастырылуы, банк реквизиттерінің өзгеруі, қатты отынға, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне байланысты ақы төлеу), ол отбасына (азаматтарға) қызмет көрсететін басқа жеткізу шартында немесе ақшалай төленеді. Ақшалай түрі екінші деңгейдегі банктер немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы операцияны жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар арқылы азаматтардың жеке есеп шоттарына аудару жолымен ақшалай төлемдер түрінде әр айдың 10 дейін жүзеге асырылады.

22. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес реттеледі.